

Мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық ұйым туралы ереже мен  
Мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық ұйымдағы ішкі тәртіп қағидасын  
бекіту туралы

### Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 10 маусымдағы № 383 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылды 27 маусымда № 7048 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-237/2020 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 08.12.2020 № ҚР ДСМ-237/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі кодексінің 130-бабының 2-тармағына және "Алкоголизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық дертіне шалдыққан ауруларды еріксіз емдеу туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 7 сәуірдегі № 2184 Заңына сәйкес және денсаулық сақтау ұйымдарында алкоголизммен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратын науқастарды мәжбүрлеп емдеу мен медициналық-әлеуметтік оңалтуды қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН**:

#### 1. Мыналар:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық ұйымдар туралы ереже;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық ұйымдағы ішкі тәртіп қағидасы бекітілсін.

2. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың денсаулық сақтау басқармаларының басшылары осы бұйрыққа сәйкес алкоголизммен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратын науқастарды мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық ұйымдардың жұмысын ұйымдастырысın.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті (А.Ф. Төлегалиева) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде

мемлекеттік тіркегеннен кейін оның бұқаралық ақпараттық құралдарда жариялануын қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Е.Ә. Байжұнісовке жүктелсін.

6. Осы бұйрық оны алғашқы жариялаған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрі

С. Қайырбекова

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2011 жылғы 10 маусымдағы  
№ 383 бұйрығына  
1-қосымша

## **Мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық үйым туралы ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Алкоголизммен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратын науқастарды мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық үйым (бұдан әрі - наркологиялық үйым) өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Алкоголизммен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратын науқастарды мәжбүрлеп емдеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" ҚР 2009 жылғы 18 қыркүйектегі кодексін және осы Ережені басшылыққа алады.

2. Наркологиялық үйым тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) шеңберінде емдеу көмегін көрсетеді. ТМККК Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарға бюджеттік қаражаттың есебінен ұсынылады және "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 желтоқсандағы № 2136 қаулысына сәйкес барынша дәлелді тиімділікке ие, оның ішінде стационар жағдайындағы профилактикалық, диагностикалық және емдік медициналық қызметтерді қамтиды.

3. Наркологиялық үйым мен оның жұмыс режимі алкоголязммен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратын наркологиялық науқастардың (бұдан әрі - наркологиялық науқастар) психикалық жағдайын өзгертетін заттардың (алкоголь, есірткілер, психикаға белсенді әсер ететін басқа да заттар) наркологиялық үйым аумағына кіруін мүлдем болдырмайды

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - КР Денсаулық сақтау министрінің 2011.11.03 № 770 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

4. Наркологиялық ұйымның басшылығын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқару органы тағайындастын және жұмыстан босататын бас дәрігер жүзеге асырады.

5. Медициналық аппаратармен, аспаптармен, дәрі-дәрмектермен, шаруашылық, жұмсақ және қатты мүккәмалдармен және жабдықтармен жарақтандыру "Мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық ұйымдағы алкоголизммен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратындарды тамақтандыру және материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 17 мамырдағы № 531 қаулысымен бекітілген төменгі стандарттарға (нормативтерге) сәйкес белгіленеді

6. Наркологиялық ұйымдағы есепке алу мен есептілік "Денсаулық сақтау субъектілерінің есеп беру құжаттамаларының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 22 қыркүйектегі № 742 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 18 қазанда № 6586 тіркелген) (бұдан әрі – бұйрық) бекітілген есепке алу және есептілік нысандарына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Наркологиялық ұйымда денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен есепке алу және есептілік нысандарынан басқа осы Ережеге 1-қосымша мен 2-қосымшага сәйкес мынадай журналдар жүргізіледі:

- 1) посылкаларды (сауқаттарды), бандерольдерді беру журналы (1-қосымша);
- 2) жеке істердің қозғалысын есепке алу және тіркеу журналы (2-қосымша).

Бұл журналды сақтау мерзімі 25 жыл.

Журналдар нөмірленеді, байланады, мөрмен бекітіледі, наркологиялық ұйымның бас дәрігері растайды.

8. Наркологиялық ұйымға наркологиялық науқастарды орналастыру гендерлік айырмашылығы сақтала отырып жүргізіледі. Қажет болған жағдайда облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың тиісті органдарының шешімі бойынша наркологиялық науқастарды мәжбүрлеп емдеуге арналған өніраralық әйелдер бөлімшесі ұйымдастырылуы тиіс.

Өніраralық әйелдер бөлімшесінің ұйымдастырылуды соттың шешімі бойынша мәжбүрлеп емдеуге анықталған әйелдер саны жыл сайын кем дегенде

10-20 адамға жеткенде және әрбір облыста жүргізіледі, республикалық маңызы бар қалада және астанада бөлімшелер ашу мақсат емес.

## **2. Наркологиялық ұйымдардың негізгі міндеттері, функциялары**

9. Наркологиялық ұйымдар мынадай міндеттерді орындайды:

1) соттың шешімі бойынша наркологиялық науқастарға мәжбүрлеп емдеуді оналтуды қолдана отырып, оларды қабылдау, диагностикалау, емдеуді жүзеге асыру;

2) наркологиялық науқастарды диагностикалау мен емдеудің, оналтудың жаңа ұйымдастыру нысандарын, қазіргі заманғы құралдары мен әдістерін игеру және практикаға енгізу;

3) наркологиялық науқастарды емдеу және динамикалық бақылау мәселерінде наркологиялық ұйымдармен сабактастықты қамтамасыз ету;

4) тәрбиелік және емдеу мақсатындағы еңбек терапиясын жүзеге асыру.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - КР Денсаулық сақтау министрінің 2011.11.03 № 770 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

10. Наркологиялық ұйымдар мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) соттың шешімімен мәжбүрлеп емдеуге арналған қолдана отырып емдеу үшін жатқызылған наркологиялық науқастарға консультация, уақтылы диагностикалық, емдеу іс-шараларын өткізу;

2) осы бұйрыққа, 6-тармаққа сәйкес есепке алу және есептілік құжаттарын жүргізу;

3) көрсетілген диагностикалық, емдеу көмектерінің тиімділіктеріне талдау жасау;

4) психикалық белсенді заттарды тұтынудың салдарынан психикалық және мінез-құлықтың бұзылулары бар науқастарды шығару, емделіп шығушы науқастарға одан әрі динамикалық бақылау жасау мен емдеуде сабактастық болуы үшін мәліметтер беру мәселелері бойынша наркологиялық ұйымдармен тұрақты өзара іс-қимылда қолдау көрсету;

5) осы бұйрыққа 6-тармаққа сәйкес есепке алу құжаттарын статистикалық өндеу негізінде наркологиялық ұйымда наркологиялық науқастарға емдеу көмегінің жағдайына жыл сайынғы мониторинг жүргізу;

6) бақылау-өткізу тәртібін, сыртқы күзетті, науқастарды жоспарлы және кезектен тыс тексеруді және құқыққа қайши келетін іс-әрекеттердің уақтылы жолын кесуді ұйымдастыру жолымен науқастардың күзетуін қамтамасыз ету;

7) алкоголизммен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратын науқастарды мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық ұйымның аумағынан

шығару тек емдеу-диагностикалық, оңалту іс-шараларын жүргізу және еңбек қызметін жүзеге асыру үшін медициналық персоналдың, күзет қызметкерлерінің немесе мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық ұйым өкілдерінің бірге ілесіп жүруімен ғана рұқсат етіледі;

8) қашудың, дene жарақаттарын салудың, режимді жаппай бұзушылықтардың алдын алууды жүзеге асыру.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда, өзгеріс енгізілді - КР Денсаулық сақтау министрінің 2011.11.03 № 770 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.02.17 № 88 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрықтарымен.

### **3. Наркологиялық ұйымның құрылымы**

11. Наркологиялық ұйымның құрылымында болуы тиіс:

1) әкімшіліктің күзет бөлімшелерінің кабинеттері мен арнайы бөлімді қоспағанда әкімшілік-шаруашылық бөлімі;

2) санитариялық өткізуі бар науқастарды қабылдау бөлмесі;

3) диагностикалық кабинеттер: клиникалық-биохимиялық зертхана, рентгенологиялық кабинет, функционалдық диагностика кабинеті, ультрадыбыстық диагностика кабинеті;

4) тиісті манипуляциялық кабинеттерімен консультант мамандардың кабинеттері: терапевт, невропатолог, дерматолог, офтальмолог және отоларинголог, таңу және шағын операциялар жасайтын хирургия кабинеті, терапиялық және хирургиялық көмек көрсету бойынша стоматологиялық кабинет;

5) физиотерапиялық кабинет;

6) "Денсаулық сақтау обьектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 шілдедегі № 533 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 24 тамызда № 6430 тіркелген) санитариялық ережелер мен нормаларға сәйкес пациенттерге арналған палаталары бар стационарлық бөлімше, бөлімше менгерушілерінің, бөлімше аға мейірбикесінің, ординаторлық кабинеттері, топтық психотерапия (әрқайсысы 15 науқасқа) және жеке психологиялық консультация үшін үй-жайлар, ем-шара кабинеті, асхана, тамақ тарату бөлмесі, гигиена бөлмесі және өзге де үй-жайлар;

7) дәріханалық қойма;

- 8) тамақ блогы, қойма үй-жайы, көкөніс сақтайтын орын;
- 9) кітапхана;
- 10) діни дәстүрлерге арналған үй-жай;
- 11) спорт алаңы;
- 12) режим бұзушыларға арналған арнайы палата;
- 13) ұзақ мерзімді кездесулерге арналған бөлмесі;
- 14) қысқа мерзімді кездесулерге арналған бөлмесі;
- 15) науқастардың заттарын сақтауға арналған қойма;
- 16) мұрағатқа арналған үй-жай;
- 17) күзет жабдықтары мен күзетшілерге арналған үй-жай;
- 18) жіті терапия мен реанимацияға арналған палата;
- 19) инфекциялық науқастарға арналған палата.

#### **4. Наркологиялық үйымда диагностикалық және емдеу жұмыстарын үйымдастыру**

12. Наркологиялық үйымға келіп түскен кезде науқасты алғашқы санитариялық тексеру мен санитариялық тазарту қабылдау бөлмесінде жүзеге асырылады. Қабылдау бөлмесінің дәрігері науқастың ілеспелі құжаттарымен танысқаннан кейін стационарлық науқастың медициналық картасына жаза отырып, алдын ала тексеру жүргізеді.

13. Кейіннен дәрі-дәрмектік, психотерапиялық емдеу мен еңбек терапиясының тиісті әдістерін таңдау мен қолдану мақсатында емдеуші дәрігердің наркологиялық науқасты жан-жақты тексеруі жұмыс күндерінде, алғашқы тәулік бойы тәни, неврологиялық және психикалық денсаулығын анықтау, ауруының диагноздарын, олардың айқындылық дәрежесі мен сатысын айқындау және нақтылау, сондай-ақ олардың еңбекке жарамдылығын және еңбек ету мүмкіндігін анықтау үшін қажетті тексеруді міндетті тағайындау арқылы жүргізіледі.

14. Аурулардың клиникалық көрінісінің және диагностикалық зерттеулер нәтижелерінің негізінде тұрақты жұмыс істейтін дәрігерлік консультациялық комиссия (бұдан әрі - ДКК) наркологиялық үйымға мәжбүрлеп емдеуге келіп түскен науқастарға дәрі-дәрмектік ем жүргізуге салыстырмалы және абсолюттік соматоневрологиялық және психикалық қарсы айғақтарды, немесе басқа медициналық үйымдарға ауыстыру қажеттігін анықтайды. ДКК тұрақты еңбекке жарамсыздық белгілері туралы (қажет болған жағдайда) алдын ала қорытынды береді және наркологиялық науқастың тұратын жері бойынша медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясына жіберу туралы мәселені түпкілікті шешу үшін тиісті медициналық құжатты (тұрақты еңбекке

жарамсыздық белгілері туралы қорытындысы бар науқастың тиісті медициналық картасынан көшірме) медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарына жібереді.

15. Наркологиялық ұйымда диагностика, дәрі-дәрмектік емдеу, топтық және жеке психотерапия және еңбек терапиясы наркологиялық ұйымда наркологиялық науқастарды диагностикалау мен емдеудің денсаулық сақтау саласының уәкілетті органдарымен бекітілген хаттамасына сәйкес жүргізіледі.

16. Наркологиялық ұйымдағы әрбір наркологиялық науқасқа жүргізілген емдеу курсына қатысты деректер енгізілетін стационарлық науқастың медициналық картасы ашылады. Медициналық картаны негізінен емдеуші нарколог дәрігер бастап жүргізеді, басқа маман-консультанттар қажетіне қарай медициналық картага өз деректерін жазады. Медициналық картаны жүргізу тәртібі (күнделік жазбалардың, кезеңдік эпикриздердің мерзімділігі, психотерапевтер мен маман консультанттар белгілерінің тәртібі мен кезеңділігі және басқалар) наркологиялық ұйымның бас дәрігерінің ішкі бұйрығымен бекітіледі. Емдеу курсы мен науқастың болу мерзімі аяқталғаннан кейін медициналық карта шығару эпикризімен аяқталады, бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары қол қойып, мұрағатқа тапсырылады. Әрбір науқасты шығарғаннан кейін немесе қайтыс болғаннан кейін стационар көрсеткішін статистикалық талдау үшін негізгі есепке алу нысаны болып табылатын наркологиялық стационардан шығушының статистикалық картасы толтырылады.

17. Наркологиялық ұйымдағы наркологиялық науқастар мынадай негіздері бойынша шығарылады:

- 1) сот белгілеген мәжбүрлеп емдеу мерзімі аяқталғаннан кейін;
- 2) сот қаулысы бойынша ауыр сырқаттың оңалуына кедергі келтіретін ілеспелі басқа бір ауыр сырқаттың айқындалуына байланысты;
- 3) сот қаулысы бойынша алты айдан ерте емес, мерзімінен бұрын, сәтті емнен кейін.

18. Сәтті емдеу-еңбек ету әсерінен наркологиялық ұйымда ұсталатын наркологиялық науқастардың болу мерзімі соттың қаулысы бойынша қысқартылуы мүмкін, бірақ, емдеу басталғаннан кейін 6 айдан ерте емес. Мерзімін қысқартуға ұсыным медициналық қорытындыға негізделеді және мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық ұйымның ДКҚ хаттамасы түрінде ресімделуі тиіс. Әкімшілік наркологиялық ұйымның орналасқан жері бойынша сотқа мерзімінен бұрын шығаруға ұсынылған наркологиялық науқастардың мәжбүрлеп емдеуге ұсынымдарын, медициналық қорытындыларын, мінездемелерін, жеке істерін ДКҚ хаттамасын жібереді.

"Туу, қайтыс болу және перинаталдық өлім жағдайларын куәландыратын медициналық құжаттаманы енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық

сақтау министрінің 2007 жылғы 27 тамыздағы № 520 бұйрығына (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2007 жылғы 27 қыркүйекте № 4946 тіркелген) сәйкес наркологиялық науқас қайтыс болған жағдайда туыстарына кешіктірілмей хабарланады және наркологиялық науқастың қайтыс болу фактісі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес рәсімделеді.

Туыстарынан басқа, наркологиялық науқастың қайтыс болуы туралы қайтыс болған науқастың тұрғылықты жері бойынша наркологиялық ұйым хабарланады.

19. Медициналық картадан көшірме (эпикриз) пациенттің тұрған жері бойынша наркологиялық диспансерге, ал ауылдық жерде – диспансерлік бақылау мен рецидивке қарсы емдеуді қамтамасыз ету үшін аудандық нарколог дәрігерге жіберіледі.

## **5. Наркологиялық ұйымдағы наркологиялық науқастарды есепке алу және медициналық есептілік**

20. Наркологиялық ұйымдағы наркологиялық науқастарды есепке алуды, медициналық ағымдағы және жылдық есептілікті құрамы статистик дәрігерден, медициналық статистик пен мұрағаттың мейірбикесінен тұратын арнайы бөлім жүзеге асырады.

21. Наркологиялық науқастарды есепке алу стационарлық наркологиялық науқастың медициналық картасының, стационардан шығушылардың статистикалық картасының, наркологиялық науқастардың күнделікті есепке алу парағының және стационардың төсектік қорының, наркологиялық науқастар қозғалысын есепке алудың жиынтық ведомосын және стационар мен бөлімшелер бойынша төсек қорының негізінде жүргізіледі.

22. Наркологиялық ұйымның арнайы бөлімдері медициналық есепке алу мен есептілікті жүргізуден басқа, мыналарды іске асырады:

1) наркологиялық ұйымға келген наркологиялық науқастарға құжаттар ресімдеудің дұрыстығын тексереді;

2) жеке істерден медициналық құжатты алады және алынған медициналық құжаттарды науқас емдеуге жатқызылатын бөлімшеге жібереді;

3) наркологиялық ұйымдағы және одан шыққан науқастарға арналған жеке істерді есепке алады, жүргізеді және сақтайды;

4) жеке істерді мұрағатқа сақтауға береді;

5) наркологиялық ұйымнан шыққан науқастардың материалдарын рәсімдеу мәжбүрлеп емдеу мерзімі аяқталғаннан кейін, сәтті аяқталуына байланысты

мерзімінен бұрын, ауыр сырқаттан мәжбүрлеп емдеуге кедергі келтіретін ілеспелі ауыр сырқатының айқындалуына байланысты, сондай-ақ қайтыс болуына байланысты ресімдеуін жүргізеді;

6) наркологиялық ұйымда болу мерзімін ұзарту мәніне сотқа материалдарды рәсімдейді;

7) жоғалған және жетпейтін құжаттарды қалпына келтіру мәселесі бойынша ұйымдармен және кәсіпорындармен хат жазысады;

8) науқастардың наркологиялық ұйымнан уақтылы шығарылуын бақылауға алады.

23. Азаматтығы жоқ азаматтар мен шетелдіктерді қоспағанда, наркологиялық ұйымда ем алу кезеңінде қайтыс болған наркологиялық науқастардың барлық жеке істері шығарылғаннан кейін наркологиялық ұйымда бес жыл бойы сақталады. Мұндай науқастардың жеке істері мерзімсіз сақталады.

Мәжбүрлеп емдеуге арналған  
наркологиялық ұйым туралы ережеге  
1-қосымша

Нысан

20 \_\_\_\_ жылы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ басталды  
20 \_\_\_\_ жылы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ аяқталды

### Посылкаларды (сауқаттарды) бандерольдерді беру журналы

p/c № №	Посылкаларды (сауқаттарды) бандерольдерді беру күні	Науқастың тегі, аты, экесінің аты, бөлімшешінің нөмірі	Посылкадан (сауқаттан) бандерольдерден сактауға тыйым салынған заттарды, құндылықтарды немесе ақшаларды алу	Алу актісін жасаған күн	Алушының қолы
---------------	--	--	---	-------------------------	---------------

Мәжбүрлеп емдеуге арналған  
наркологиялық ұйым туралы ережеге  
2-қосымша

Нысан

20 \_\_\_\_ жылы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ басталды  
20 \_\_\_\_ жылы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ аяқталды

### Жеке істердің қозғалысын есепке алу және тіркеу журналы

күні, айы, жылды	Ағымдағы күннің рет саны	Жеке істердің нөмірі	Тегі, аты, экесінің аты	Қайдан келді	Науқас қайда кетті, қайтыс болды
------------------	--------------------------	----------------------	-------------------------	--------------	----------------------------------

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сактау министрінің  
2011 жылғы 10 маусымдағы  
№ 383 бұйрығына  
2-қосымша

## **Мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық ұйымдағы ішкі тәртіп қағидасы**

1. Наркологиялық ұйымдағы мәжбүрлеп емдеудегі наркологиялық науқастар емделу режімін сақтау қажеттілігіне байланысты Қазақстан Республикасы азаматтарының шектеулі құқықтарын пайдаланады.

2. Наркологиялық ұйымдағы мәжбүрлеп емдеудегі наркологиялық науқастар:

1) наркологиялық ұйымның ішкі тәртіп қағидамен және осы ұйымдағы болу тәртібін регламенттейтін өзге де құжаттармен танысады;

2) тамақ, материалдық-тұрмыстық және медициналық қызмет алады;

3) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмысқа орналасады;

4) жеке шотындағы бар қаражатының есебінен тамақ өнімдері мен бірінші қажеттіліктегі нәрселерді, сондай-ақ наркологиялық ұйым аумағында сақтауға және пайдалануға тыйым салынбаған өзге де заттарды сатып алады;

5) жақын туыстарымен кездесе алады;

6) шектеусіз хат алmasады;

7) сауқат алады, посылка жібереді және алады;

8) жеке шотына келіп түсетін ақшалай аударым алуға;

9) сәтті ем қабылдаған жағдайда күнтізбелік он күнге дейін қысқа мерзімді демалыс алады;

10) ішкі тәртіп қағидасын және наркологиялық ұйымдағы басқа адамдардың құқықтарын сақтаған жағдайда діни рәсімдері жібереді;

11) күнделікті серуенге шығады;

12) ұйым қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға, прокуратура, сот органдарына шағымданады.

3. Наркологиялық науқастар үстел үстілік ойындарды (үстел теннисі, шахмат, дойбы), музикалық аспаптар мен спорт жабдықтарды, сондай-ақ механикалық және электрлік ұстараларды сатып алуларына және пайдалануларына болады.

4. Посылкаларды (сауқаттарды) тексеруді посылка жіберілген (берілген) адамның қатысуымен күзет ұйымның қызметкери және наркологиялық ұйымның бас дәрігерінің тағайындауы бойынша әкімшілік өкілдері жүргізеді. Посылкаларда (сауқаттарда) наркологиялық ұйымдарда сақтауға және пайдалануға тыйым салынған заттар табылған жағдайда ол заттар посылкадан алынады және олар туралы акті жасалады. Тыйым салынған заттарды посылкадан алу бойынша қабылданған шешім туралы наркологиялық ұйымының әкімшілігі наркологиялық науқасқа хабарлайды. Бұл заттардың сипаты мен

сатып алу жағдайына қарай олар наркологиялық үйымдағы тұлғаны шығарғанға дейін сақтауға тапсырылады, немесе посылка (сауқат) келген адамның қатысуымен комиссия жояды.

5. Посылкалардан (сауқаттар) қару, жарылғыш зат, уландырғыш, улы және есірткі заттар табылған жағдайда тексеру жүргізіледі және қажет болған жағдайда материалдар тиісті құқық қорғау органдарына беріледі.

6. Наркологиялық үйымда емделуде жатқан, посылка алуға құқығы жоқ науқастың атына келіп түскен посылкалар (сауқаттар) байланыс мекемелерінен немесе оларды жеткізушілерден қабылданбайды, жіберушілердің есебінен кері қайтарылады.

7. Міндетті емдеу курсынан өтуші тұлғаның және кездесуге келген туыстарының өтініші бойынша мәжбүрлеп емдеуде жатқан наркологиялық науқасқа туыстарымен кездесуге рұқсатты наркологиялық үйымның бас дәрігері немесе оны алмастыратын тұлға емдеуші дәрігердің келісімі бойынша береді. Соңғысын наркологиялық үйымның бас дәрігері немесе оны алмастыратын тұлға қабылдайды. Оларға кездесу кезіндегі мінез-құлық қағидасы түсіндіріледі. Оларға заңсыз сауқаттарға рұқсат етілмейтіндігін, егер белгіленген тәртіпті бұзушылық анықталған жағдайда кездесуді дереу тоқтатылатындығы туралы түсіндіріледі.

8. Наркологиялық үйымдағы тұлғаларға туған-туыстарымен (жұбайларымен), ата-аналарымен, балаларымен, асыраушыларымен, асырап алғандарымен, туғандарымен, аға-інілерімен, апа-қарындастарымен және басқа да туыстарымен немесе бірге тұру құқықтары бар оларды алмастырушылармен ұзақ кездесу, әдетте, кейін кездесу күндеріне жұмыс істеу арқылы жұмыстан босатылады.

9. Ұзақ кездесу 1 - 3 күнтізбелік күн аралығына беріледі. Кездесу мерзімін кездесуге рұқсат берілетін тұлғаны емдеуге немесе енбегіне қатысты үйымдағы мінез-құлқына қарай наркологиялық үйымның әкімшілігі белгілейді. Ұзақ және қысқа мерзімді кездесулерде бір мезгілде кем дегенде 2 ересек туысы және 2 кәмелетке толмаған баласы болуы тиіс. Туыстық байланыстарын растайтын құжаттары: паспорт, жеке куәлігі, неке туралы куәлік, туу туралы немесе асырап алу туралы куәлік болып табылады.

10. Мәжбүрлеп емдеуде жатқан мынадай наркологиялық науқастардың туыстарымен кездесуіне рұқсат етілмейді:

- 1) тәртібі бойынша кездесу құқығынан айырылғандар;
- 2) режимді бұзғаны үшін арнайы палатаға ауыстырылғандар;
- 3) карантинде жатқандар.

11. Наркологиялық үйымда мәжбүрлеп емдеудегі наркологиялық науқастар:

- 1) ішкі тәртіптің белгіленген қағидасын сақтайды;

- 2) наркологиялық ұйымның әкімшілік және медициналық қызметкерлерінің заңды талаптарын орындауды;
- 3) тағайындалған емді қабылдайды;
- 4) ұйымның мүлкіне ұқыпты қарайды;
- 5) мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық ұйымдағы тазалық пен тәртіпті ұстайды, сондай-ақ аптасына кемінде екі сағат оның ауласында жинауды жүзеге асырады;
- 6) жеке гигиенаны сақтайды.

12. Медициналық-әлеуметтік оңалту бағдарламаларынан толыққанды өту мақсатында наркологиялық науқастар топтық психотерапиялық, психологиялық және әлеуметтік тренингтерге қатысады және әкімшілікке, медицина қызметкерлеріне, күзет қызметкерлері мен басқа да науқастарға қатысты агрессияның ауызша және физикалық түріне жол бермейді.

13. Әлеуметтік оңалту және еңбек терапиясы мақсатында наркологиялық науқастар медициналық ұсынымдарды ескере отырып, мәдени-бос уақыт, спорттық (соматикалық денсаулық жағдайы бойынша) іс-шараларға, қоғамдық-пайдалы еңбекке – наркологиялық ұйымның аумағындағы үй-жайларды және басқа да объектілерді жөндеу және жинау жұмыстарына қатысуға, өсімдіктер мен газондарды күтуге, сондай-ақ, түсіру-тиеу жұмыстарына белсенді қатысады.

14. Қаладан тыс мекенжайда тұратын науқастарды мәжбүрлеп емдеуге жатқызған жағдайда наркологиялық науқастардың үйіне жетуге қажетті мөлшерде жеке есеп шотында ақшалай қаражаты болуы қажет.

15. Наркологиялық ұйымдағы наркологиялық науқастардың мынадай заттарды сақтауына рұқсат етілмейді:

- 1) алкогольдік ішімдіктер мен басқа да психикаға белсенді әсер ететін заттар;
- 2) ақшалар;
- 3) құнды заттар (зергерлік әшекейлер, алтын сағаттар және басқалар);
- 4) оқпен атылатын, суық қарулар;
- 5) жарылғыштар, уландырғыштар мен улы заттар;
- 6) ұялы телефондар, фотоаппараттар, бейне түсіру аппараттары;
- 7) жұмыс құрал-саймандары;
- 8) ойын карталары, лото;
- 9) озбырлықты насихаттаудан тұратын ұлттық және діни араздықты тұтандыруға бағытталған әдебиет, сондай-ақ порнографиялық сипаттағы материалдар.

Сақтауға тыйым салынған алынған ақшалар мен заттар туыстарына қайтарылады, ал олар болмаған жағдайда олар шыққанға дейін сақталатын наркологиялық ұйымның сактау камерасына тапсырылады.

16. Құтуге арналған үй-жайларды қоспағанда, наркологиялық үйымға кіруге тек осы үйимда қызмет көрсететін қызметкерлерге, әкімшілік пен кезекші дәрігерге, сондай-ақ бас мамандарға денсаулық сактау үйымдарының психиатры мен наркологына ғана рұқсат етіледі. Қалған тұлғаларға бас дәрігердің және оның емдеу бөлімі жөніндегі орынбасарының немесе меншерушінің рұқсатымен ғана рұқсат етіледі.

17. Науқастардың наркологиялық үйымның аумағынан және серуендеу ауласынан шығуына тек медициналық қызметкердің алып жүруімен емдеу-диагностикалық және оңалту еңбегі іс-шараларын өткізу үшін ғана рұқсат етіледі.

18. Наркологиялық үйымда ұсталатын тұлғаны наркологиялық үйымның күзет қызметкерлері мен өкілдері тарапынан күзетті үйымдастырусыз және қадағалаусыз оның шегінен тыс жұмысқа шығаруға рұқсат етілмейді. Күзетпен және қадағалаумен жұмыс объектісіне шығарылған әрбір бригаданың саны кемінде 25 адам болуы тиіс.

19. Наркологиялық науқастардың наркологиялық үйымнан тыс өз еркімен шығуын, сондай-ақ бөгде адамдардың аумакқа кіруін болдырмау үшін бақылау-өткізу жүйесі қойылады.

20. Наркологиялық үйымды күзетуді үйымдастыру үйымның әкімшілігіне жүктеледі және Қазақстан Республикасының күзет қызметі саласындағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

21. Наркологиялық үйымды күзетуді бәсекелестік ортадағы күзет қызметіне рұқсаты бар үйымдар (бұдан әрі – күзет үйымы) жүзеге асырылады.

22. Күзет үйымы мыналарды орындаиды:

1) наркологиялық үйимның аумағында бақылау-өткізу режімін қамтамасыз ету;

2) осы мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық үйымдағы ішкі тәртіп ережесіне 15-тармаққа сәйкес жаңадан түскен наркологиялық науқастардың, қысқа мерзімді демалыстан оралған наркологиялық науқастарды бөлімшеге енгізуге тыйым салынған нәрселерге, заттар мен азық-түлікке жеке тексеру жүргізу;

3) сыртқы күзетті қамтамасыз ету;

4) мәжбүрлеп емдеудегі наркологиялық науқастардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құқыққа қайши келетін іс-әрекеттерінің алдын алу және жолын кесу бойынша қызметкерлерге көмек көрсету;

5) наркологиялық науқастардың медициналық манипуляцияларды мәжбүрлі орындаудың қамтамасыз ету;

6) бөлімшелерде жоспарлы және кенет тексерулер (бөлімшеге психикаға белсенді әсер ететін заттар мен басқа да нәрселердің әкелінуіне құдік туындаған жағдайда) жүргізу;

7) наркологиялық науқастарды жол берген бұзушылықтары үшін режим бұзушыларға арналған арнайы палатаға шығару және сол палатаны күзету;

8) наркологиялық ұйымның штатында тиісті маман болмаған жағдайда наркологиялық науқастарды басқа медициналық ұйымдарға консультацияға, ұйымның аумағындағы оқалту енбектеріне, мәдени және спорттық іс-шараларға бару кезінде алтып жүру.

23. Наркологиялық ұйымның аумағы күзетті қамтамасыз ету үшін тұтас дуалмен қоршалуы тиіс және бақылау-өткізу пункті болуы тиіс. Төтенше жағдайларға уақтылы көңіл бөлу үшін ғимараттың (ғимараттардың) өлшемі бойына күзет ұйымының үй-жайындағы мониторлардан тұрақты түрде бақыланатын бейнебақылау орнатылады. Күзет ұйымының үй-жайы наркологиялық ұйымның барлық бөлімшелерімен телефон және селекторлық байланыспен қамтамасыз етілуі қажет. Барлық бөлімшелерде күзет ұйымының үй-жайымен байланысқан дабыл белгілерінің қонырау түймелері болуы тиіс. Бұзушылықтарға, қашып кетуге, наркологиялық науқастардың өз дene мүшелеріне зақым келтірүлеріне жол бермеу мақсатында наркологиялық ұйымның палаталарының және басқа да үй-жайларының терезелері Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген талаптарға сәйкес өртке қарсы қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, торлануы тиіс.

24. Бақылау-өткізу пунктіне немесе күзет ұйымы бөлімінің үй-жайларына жақын жерде режим бұзушыларды ұстауға арналған арнайы палата орналасуы тиіс. Режім бұзушыларды ұстауға арналған арнайы палатаның үшін 1 адамға 2 шаршы метр есебімен үй-жайлар пайдаланылады, арнайы палатаның жиһазы еденге немесе қабырғаға бекітіледі, жарық беретін аспаптар режим бұзушылардың қолы жетпейтіндей етіп орнатылады.

25. Өз еркімен болмау кезеңі емдеу мерзіміне есептелмейді.

26. Наркологиялық ұйымдағы наркологиялық науқастар саны 50-ден аспауы тиіс бөлімшелер бойынша орналастырылады.

27. Наркологиялық ұйымдағы әйелдер ерлерден бөлек орналастырылады.

28. Наркологиялық науқастар мәжбүрлеп емдеуден өту кезеңінде жынысы мен климаттық жағдайды ескере отырып, қажетті материалдық-тұрмыстық жағдайлармен, киіммен, іш киімдермен және маусым бойынша аяқ киіммен қамтамасыз етіледі.

29. Наркологиялық науқастарға жеке ұйықтау орны мен төсек керек-жарақтары беріледі.

30. Асқорыту органдары ауруларынан зардал шегуші наркологиялық науқастар диеталық тағаммен қамтамасыз етіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және күкүйктық ақпарат институты» ШІЖК РМК